

Баспасөз релизі

Құрметті журналисттер!

2015 жылғы 23 қазанда Алматы қаласында «Қазақстан Республикасындағы үздіксіз білім беру/үздіксіз кәсіптік даму» I Конгресі өтеді.

Конгресс үздіксіз кәсіптік даму мәселелерін 4 панельдік пікір алысу шеңберінде талқылауға және шешуге бағытталған:

- Қазақстан Республикасында үйлестіру тиімділігін арттыру мүмкіндіктері,
- провайдерлер қызметін бағалау жүйесін енгізу,
- үздіксіз кәсіптік дамуды медицина ұйымдарының сапасын қамтамасыз ету, денсаулық сақтау кадрларын сертификаттау және тіркеу жүйелерімен біріктіру,
- құзыреттілік тәсілі негізінде
- үздіксіз кәсіптік дамуды медицина ұйымдарының сапасын қамтамасыз ету, денсаулық сақтау кадрларын сертификаттау және тіркеуге алу жүйелерімен біріктіру.

Сонымен қатар, конгресс аясында Еуразиялық Экономикалық Одақ елдерінің үздіксіз кәсіптік даму жүйелерін үйлестіру мүмкіндіктері туралы ЕЭО елдері арасында пленарлық отырыс өтеді.

Біз үздіксіз кәсіптік даму саласының өзекті проблемаларын шешу үшін барлық мүдделі тұлғалардың (медициналық ЖОО, ДСДРО, РЭДСО, ҒО, ҒЗИ, медицина колледждері, денсаулық сақтау басқармалары, МФҚБҚД, үкіметтік емес ұйымдар) басын қосуды жоспарлап отырмыз. Конгрестің әрбір қатысушысы проблемаларды шешудің барынша оңтайлы жолын таңдауға қатыса алатын электрондық дауыс беру жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарын үздіксіз кәсіптік даму саласында іске асырудың нақты қадамдары анықталатын болады.

Конгресс жұмысына денсаулық сақтау органдарының, медициналық жоғарғы оқу орындары мен колледждердің, ғылыми орталықтардың, денсаулық сақтау басқармаларының, Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеттерінің аймақтық департаменттерінің өкілдері, Қазақстан Республикасының медициналық ұйымдарының өкілдері, сондай-ақ Ресей Федерациясының, Беларусь Республикасының, Қырғыз Республикасының, Армения мен Әзірбайжан елдерінің делегациялары қатысады.

Баспасөз-конференциясы 2015 жылғы 23 қазан күні сағат 11:00-де Алматы қаласы, «Рахат-Палас» қонақ үйі, Сәтпаев көшесі, 29/6 мекенжайында өтеді.

Конгрестің бағдарламасы қосымша берілген.

Қатысу туралы ақпаратты 2015 жылғы 21 қазанға дейін e-mail: a.malaybekova@kazmuno.kz жіберуіңізді сұраймыз.

Барлық сұрақтар жөнінде: 8 702 969 65 28 - Аселя Малайбековаға хабарласуыңызға болады.

Құрметпен,

«Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университеті» АҚ